

## ЖАРИЯ ШАРТ

(ашық келісімшарт)

Осы Жария шарт (**бұдан әрі – Шарт**) бұдан әрі «**Оператор**» деп аталатын, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі 24.08.1998ж. берген МТК №ДС 0000317 «Қазақстан Республикасының аумағында GSM стандартының ұялы байланысының қызметін ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызметпен айналысуға арналған» Қазақстан Республикасының мемлекеттік лицензиясы (**бұдан әрі – «Лицензия»**) негізінде әрекет ететін «КаР-Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұялы байланыс қызметін және онымен байланысты өзге қызметті ұсыну талаптарын айқындайды.

1. Осы Шартта келесі негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) **Абонент** - осы Шарт жасалған жеке немесе заңды тұлға;

2) **Абоненттік төлем** – белгілі уақыт кезеңі үшін міндетті түрде төленуі тиіс және Қызметтің нақтылы тұтынылған көлеміне тәуелденбейтін Абоненттің белгіленген төлем мөлшері;

3) **Абоненттік нөмір** – осы Шартты жасасу кезінде Абонентке берілетін және басқа абоненттік құрылғылар қосылған кезде Оператор желісіне Абоненттік ұялы байланыс құрылғысының қосылғанын білдіретін телефон нөмірі;

4) **Абоненттің ұялы байланыс құрылғысы** — Абонент тарапынан белгіленген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электрлік байланыс сигналдарын қалыптастыратын және Оператор желісіне қосылатын, қызмет көрсету аумағы шеңберінде географиялық тұрғыдан анықталатын тұрақты орналасқан жері жоқ, ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін, жеке мақсатпен қолданылатын байланыс құрылғысы;

5) **Машинаралық өзара қатынастың абоненттік құрылғысы** – бұл машиналарды бір-бірімен ақпарат алмасуға немесе оны бір жақты тәртіпте қабылдауға және алуға мүмкіндік беретін технологияны қолдануға арналған абоненттік құрылғы;

6) **Автоматты қызмет көрсету жүйесі** – Абонентке Оператор анықтаған сәйкестендіру деректерін (абоненттік нөмір, құпия сөз, кодты сөз және/немесе өзге деректер) пайдаланып, сәйкестендірілгеннен кейін ұсынылатын, Қызметтерді және онымен технологиялық тұрғыда байланысты қызметтерді өз бетінше қосу немесе ажырату мүмкіндігін, сондай-ақ қысқа мәтінді хабарламаны жолдау арқылы немесе жеке кабинет арқылы тарифтік жоспар кешенді қызмет көрсету жүйесі;

7) **Абоненттік ұялы байланыс құрылғысының сәйкестендіру коды** – осы құрылғы қосылған кезде байланыс Операторының желісіне берілетін абоненттік ұялы байланыс құрылғысына дайындаушы зауыт тарапынан берілетін код;

8) **Абоненттің өтініші** – Операторға жазбаша түрде немесе автоматтандырылған қызмет көрсету жүйесі арқылы немесе Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне немесе осы Келісімде және (немесе) қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген келісім-шарттарда көзделген басқа тәсілдермен Абоненттің Операторға жүгінуі;

9) **Экспресс төлем картасы** – Оператор немесе Оператордың ресми серіктестері шығарған, Абоненттің Оператор желісіне дербес қолжетімдік коды бар сандық емес ақпарат тасығышы, Оператор ұсынатын көлемде және Абонент таңдаған номиналда қызметті алу мүмкіндігі қарастырылған. Экспресс төлем картасын сатып алу тәртібі, пайдалану шарттары немесе белсендендіру туралы ақпарат Оператордың сайтында, сонымен бірге, егер қарастырылса, Оператордың Серіктестерінде немесе Экспресс төлем картасында жарияланады;

**10) Қысқа мәтіндік хабарлама (SMS, USSD)** –Оператор желісінің және абоненттік құрылғының техникалық мүмкіндіктерімен рұқсат берілген көлемде және белгілі бірізділікте терілген әріптерден және/немесе цифрлардан және/немесе таңбалардан тұратын ақпараттық хабарлама.

**11) Жеке кабинет** – Абоненттің Оператордың интернет-ресурсындағы немесе абоненттің оған қатынауы абоненті оның Оператор анықтаған деректерін (абоненттік нөмір, құпия сөз, кодты сөз және/немесе өзге деректер) пайдаланып, сәйкестендіргеннен кейін іске асыратын өзіне-өзі қызмет көрсету, бақылау, тарифтік жоспарларды және қызметтерді басқару автоматты интерфейсі бар осы Шарттың қолданылу кезеңіне бөлінген абоненттік құрылғыдағы дербес бөлімі;

**12) Дербес шот** –Абонентпен жасалған шартқа сәйкес қызметтің ақысын төлеу есебіне енгізілген ақшалай қаражаттардың келіп түсуі мен жұмсалуды, көрсетілген қызметтердің көлемін есепке алуға арналған Оператордың биллингтік жүйесіндегі талдамалы (аналитикалық) есепке алу тіркелімі;

**13) Лимит** – көрсетілетін негізгі ұялы байланыс қызметтерінің көлемі;

**14) Beeline Мобильді қаржы сервистері** – Абоненттің Электрондық төлем ақшаларын азаматтық-құқықтық мәмілелер мен өзге операцияларды жүргізу үшін пайдалануы мақсатында оның Нұсқауларының негізінде Абоненттің Электрондық әмиянын толтыруға және өзінің ақпараттық жүйесіне қолжетімдік беру жөніндегі Оператордың қызметі;

**15) ХЭБҰ (Халықаралық электр байланыс ұйымы)** - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі.

**16) Абоненттің дербес деректерін өңдеу** – Абоненттің - жеке тұлғаның дербес деректерін жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, оқшаулауға және жоюға бағытталған әрекеттер;

**17) Серіктестер** – Оператормен арада жасалған шарттардың негізінде кез келген қызметтерді сапалы көрсету немесе жетілдіру мақсатында, соның ішінде Оператордың жұмыс үдерістеріне қызмет көрсету үшін Оператор жұмысқа тартатын тұлғалар, сондай-ақ Оператордың желісі арқылы Абоненттерге қызмет көрсететін провайдерлер;

**18) Абоненттік нөмірді ауыстыру** – абонент өзге ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметін көрсету туралы жаңа шарт жасасқан кезде абоненттің нөмірін ұялы байланыс желісінде сақтау және пайдалану жөніндегі қызмет;

**19) Абоненттің дербес деректері** – Абонентке қатысты электрондық, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасымалдағыштарда берілген ақпарат. Мұндай ақпараттың тізілімін Оператор бекітеді және Сайтта жарияланады.

**20) Оператордың өкілі** (агенті, дилері, дистрибьюторы, сондай-ақ олардың қосалқы агенттері мен өкілдері) – сенімхаттың немесе Оператормен жасалған тиісті шарттың негізінде келесі әрекеттерді орындау үшін уәкілеттелген заңды немесе жеке тұлға:

- Абоненттік нөмірлерді және Абоненттің сәйкестендіру карталарын тарату үшін және (немесе)
- Оператордың атынан ұялы байланыс қызметін көрсету шарттарын жасау үшін және (немесе)
- Оператордың қызметтерін Абоненттерге көрсету (төлем қабылдау, SIM/R-UIM-карталарды ауыстыру және т.б.) үшін.

**21) Есеп айырысу кезеңі**– Абонент осы Шарт бойынша Оператор көрсеткен қызметтердің ақысын төлейтін Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі отыз күнтізбелік күн.

**22) Тіркеу нысаны** – қол қою арқылы Абонент өзі туралы мәліметтер, Абоненттік нөмір туралы ақпарат және қосылу сәтіндегі өзге мәліметтер келтірілген Шартқа қосылуының формуляры;

**23) Роуминг** – Оператор мен өзге ұялы байланыс операторлары арасындағы роумингтік келісім-шарттың негізінде Абонентке өзге елдегі ұялы байланыс операторы желісінде Оператордың ұялы байланыс қызметін ұсынуы. Роумингті жүзеге асыру үшін Абоненттік құрылғы мен өзге елдегі байланыс операторы желісінің техникалық үйлесімділігі қажет;

**24) Оператор сайты** – Ғаламтор желісінде [www.beeline.kz](http://www.beeline.kz) мекенжайы бойынша орналасқан Оператордың ақпараттық ресурсы.

**25) Тарифтік жоспар** – Абоненттерге немесе белгілі абоненттер тобына немесе нақты шектеулі аймақта Оператор бекіткен тарифтік ұсыныстар жүйесі;

**26) Оператордың хабарламасы** – Абонентке қызмет көрсету мәселесі жөнінде Оператор жолдайтын жазбаша, дауыстық немесе мәтіндік (Оператордың құралдарын және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы) хабарлама;

**27) Есептік кезең** – қызметтер көрсетілген және есепке алынған күнтізбелік ай;

**28) Қызметтер** – Оператордың Абонентке көрсететін негізгі және қосымша ұялы байланыс және басқа да қызметтері/сервистері;

**29) Интернет желісіне қосу қызметі** – ғаламтор желісін пайдалану арқылы деректерді қабылдау және тарату қызметі;

**30) SIM-карта** – Абоненттің Оператор қызметтеріне қосылуын қамтамасыз ететін және Абонентті сәйкестендіретін Абоненттік құрылғының бөлігі болып табылатын микропроцессорлық модуль түріндегі дербес қосылу картасы.

Осы Келісімде сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы заңнамасында көзделген өзге де ұғымдар мен анықтамалар пайдаланады.

## **2. Шарттың мәні және жалпы ережелер.**

2.1. Осы Шарт бойынша Оператор Абонентке ұялы байланыс қызметтерін және басқа да қызметтер/сервистер көрсетеді, ал Абонент Оператор көрсететін қызметтерді осы Шартта қарастырылған тәртіп бойынша төлейді.

2.2. Оператор Абонентке Абоненттік нөмір мен сәйкестендіру картасының нөмірін (SIM-карта) бөледі.

2.3. Оператор Абонентке келесі негізгі қызмет түрлерін көрсетеді:

- дауыстық байланыс қызметтері, соның ішінде жедел шақырулар;

- қысқа мәтіндік хабарламаларды жіберу қызметтері.

2.4. Тізбесін Оператор белгілейтін қосымша және өзге қызметтер/сервистер ұялы байланыс желісінің, соның ішінде Beeline ұтқыр қаржы сервисінің мүмкіндігіне қарай Абоненттің өтінішімен немесе Абоненттің Автоматты қызмет көрсету жүйесін пайдалану арқылы ұсынылады.

Beeline ұтқыр қаржы сервисін ұсыну тәртібі мен шарттары осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Оператордың Ақпарат жүйесін пайдалану және Beeline ұтқыр қаржы сервисін ұсыну қағидаларында (№ 1 Қосымша) белгіленеді.

Оператордың қызметтерінің тізбесі толық емес және оны Оператор толықтыруы мүмкін.

2.5. Тариф жоспары немесе Акциялық тариф жоспары, қызметтер тізбесі, соның ішінде Оператордың осы Шарт бойынша көрсететін акциялары туралы ақпарат Оператордың сайтында, Оператордың және (немесе) Оператордың Өкілдерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың сатылымдар және қызмет көрсету кеңселерінде орналастырылады және (немесе) Қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы және (немесе) Оператордың қызметтері туралы жарнамалық материалдарда хабарланады, және (немесе) Оператордың ақпарат-анықтамалық қызметімен ұсынылады. Бұл ретте Абонент Тариф жоспарын қоса отырып, Оператордың қосымша қызметіне, соның ішінде ақылы ақпарат-анықтамалық қызметіне тапсырыс бере отырып, оны ұсыну, тарифтеу шарттарын қабылдайды және оны алуға, қосуға және төлеуге келісетінін білдіреді.

Абонент кейбір Тарифтік жоспарлар, Акциялық тарифтік жоспарлар немесе Қызметтер белгілі шектеулі мерзім ішінде әрекет етуі мүмкін екендігімен келіседі және Абонент осындай Тарифтік жоспарларды, Акциялық тарифтік жоспарларды және/немесе Қызметтерді қабылдай отырып, Оператор қарастырған, олардың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін қолданылатын ережелерімен, сондай-ақ тиісті Тарифтік жоспарлар, Акциялық тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтердің әрекет ету мерзімін есептеу үшін Оператор бекіткен ережелерімен келіседі. Бұл ретте, Оператор белгілеген әрекет ету мерзімін есептеу немесе аяқталуы туралы арнайы ережелер болмаған кезде, кез келген осындай мерзімдер Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласының уақытына негізделеді, ал күндермен, апталармен немесе айлармен белгіленген әрекет ету мерзімі Тарифтік жоспарды, Акциялық тарифтік жоспарды және/немесе Қызметті белсендіру күнін қамтиды, ол күн тиісті тәуліктердің аяқталуына дейін қалған уақытқа қарамастан алғашқы күн болып есептеледі.

2.5. Осы Келісім ашық болып табылады, осы Шарттың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Лицензияға сәйкес әзірленеді және осы Шарттың талаптарын Оператор өз бетінше белгілейді. Осы Келісімшарттың талаптарын Абонент тек Оператордың веб-сайты арқылы электронды түрде Тіркеу үлгісіне қол қою немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу арқылы немесе Оператор немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленіп, тұтастай алғанда оларға қосылу нәтижесінде ғана қабылдай алады.

2.6. Абоненттің осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Шартта қарастырылған тәртіпке сай басқа тұлғаларға берілуі мүмкін. Оператор өз қызметін орындау үшін өз Өкілдерін, Серіктестерін және (немесе) үшінші тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сай тартуға құқылы.

2.8. Абонент Шартқа қосылған сәттен бастап, Оператор Абоненттің Дербес деректерін жинайды, өңдейді, сондай-ақ Оператордың сайтында орналасқан Дербес деректерді қорғау туралы саясатта көзделген өзге әрекеттерді жүзеге асырады.

Абонент, осы Шартқа қосыла отырып, Оператордың Дербес деректерді жинау, өңдеу үшін, сондай-ақ Дербес деректерді қорғау туралы саясатта көзделген өзге әрекеттерді жүзеге асыру үшін үшінші тұлғаларды, соның ішінде Серіктестерді және (немесе) Өкілдерді тартуға құқылы екендігімен келіседі және оған қарсылық білдірмейді,

Абоненттің Дербес деректерді жинау мен өңдеуге қатысты келісімін қайтарып алуы Абоненттің жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі. Көрсетілетін Қызметтер тізілімі Операторда Абоненттің Дербес деректерінің болуына тәуелді және келісімін қайтарып алған жағдайда Қызмет көрсету толықтай немесе ішінара тоқтатылуы мүмкін.

2.9. Оператор қызмет көрсету аймағында көрсететін Ұялы байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштері Қазақстан Республикасының қолданыстағы стандарттары мен техникалық нормаларына және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы №1003 бұйрығымен бекітілген байланыс қызметінің сапасы көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

2.10. Ғаламтор желісіне қосылу қызметтерінің сапа көрсеткіштері (деректерді тарату желісіндегі деректерді өткізу жылдамдығы, ақпарат топтамаларының жойылуы, ақпарат топтамаларын тарату кезіндегі уақытша кідіріс, ақпаратты таратудың нақтылығы) Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Халықаралық электрлік байланыс одағы ұсыныстарына сай келеді.

2.11. Радиотолқындар таралуының табиғи жағдайларына байланысты ұялы байланыс қызметтерінің сапасы қолайсыз метеорологиялық жағдайларда, топографиялық кедергілердің салдарларынан (жерүсті және жерасты тұрғын үйлер мен тұрғын емес құрылыстардың, ғимараттардың, ғимараттардың жанында, сондай-ақ, олардың бедері мен құрылыстарының ішінде), энергия көздерінің жанында, үңгіртауларда, жертөлелерде, техникалық себептерге

байланысты, сондай-ақ, Оператордың қызметімен байланысты өзге де себептерге орай нашарлауы, үзілуі, кедергілерге ұшырауы немесе болмауы мүмкін. Жоғарыда аталған себептердің нәтижесінде Қызметтердің нашарлауы мен болмауы Оператордың өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамауының фактісі болмайды.

2.12. Абонентке көрсетілетін Қызмет ұялы байланыс желісінің құрылымдық ерекшеліктеріне қарай Оператордың құзыретінен тыс, өзге байланыс операторлары мен пайдаланушыларының, соның ішінде Абоненттердің құралдарының сапасына тәуелді болады.

2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оператор Мәліметтері ұялы байланыс операторына, абоненттік ұялы байланыс құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорына қосылмаған немесе абоненттік ұялы байланыс құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорына енгізілген мәліметтерге сай келмейтін абоненттік ұялы байланыс құрылғысы бойынша ұялы байланыс қызметін көрсетуге тыйым салынады.

### **3. Оператордың құқықтары мен міндеттері.**

#### **3.1. Оператор міндетті:**

1) осы Шарт әрекет ететін мерзім ішінде Абонентке Абоненттік нөмірді пайдалану үшін беруге және Абоненттің Абоненттік құрылғысын Оператордың желісіне қосуға және Шарт бойынша тапсырыс берілген тізілімге және көлемге сәйкес Қызмет көрсетуге міндетті;

2) Абонентке көрсетілетін Қызметтер жөніндегі сұрақтар бойынша тәулік бойы кеңес беруді ұйымдастыруға және Абоненттің сұрауы бойынша дербес шоттың күйі туралы ақпаратты Қысқа мәтіндік хабарлама немесе Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы хабарлауға міндетті;

3) Абонентке ағымдағы Есептік кезеңде Дербес шотының ахуалы туралы есептік ақпаратты ұсынуға, оның ішінде, қызметтерді қолдану уақыты, олардың ұзақтығы мен құны, өзге байланыс пайдаланушыларымен барлық тегін қосылулар туралы ақпаратты Оператордың сату және қызмет көрсету кеңсесіне тиесілі жазбаша өтінішімен келген жағдайда, жеке тұлғасын куәландыратын куәлікті көрсеткен кезде, сонымен бірге Оператор мен Абонент арасындағы қосымша келісімдермен қарастырылған өзге де әдістер арқылы ұсынуға міндетті.

4) Абоненттің Дербес шотындағы қаражаттың мөлшеріне байланысты Абонентке көрсетілетін Қызметтер көлемін шектеуге міндетті;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттемелерді атқаруға міндетті.

#### **3.2. Оператор құқылы:**

1) Оператордың Сайтына тиісті ақпаратты жариялап, немесе Қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы осы Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге. Осы Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар егер Оператор 9.2. тармаққа сәйкес осы Шарттан жазбаша түрде бас тарту алмаған жағдайда Оператор Абонентке осы Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы жариялаған немесе хабарлаған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Абонент қабылдаған және келіскен болып есептеледі;

2) Тарифтік жоспарлардың шарттарына және Оператордың өзге Қызметтеріне өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге немесе оларды бір жақты тәртіппен жоюға. Бұл ретте, Оператор Қысқа мәтіндік хабарламалар жолдау жолымен және (немесе) көпшілікке қолжетімді басқа тәсілмен (соның ішінде: Оператордың Сайтына және Оператордың және (немесе) Серіктестердің және (немесе) Оператордың Өкілдерінің сатылымдар және қызмет көрсету кеңселеріне ақпарат орналастыру жолымен Абонентке алдын ала 30 (отыз) күнтізбелік күн

бұрын хабарлайды (белгілі жарамдылық мерзімі бар Қызметтерді немесе Қызмет ұсыну шарттарын нашарлатпайтын өзгерістерді қоспағанда);

3) Егер Абонентке Тарифтік жоспардың және (немесе) Қызметтің жойылғаны туралы хабарлама жасалған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Абонент басқа Тарифтік жоспарға өтпесе немесе басқа Қызметке аударудан бас тартқаны туралы Операторға хабарламаса немесе 9.2 тармақ сай осы Шартты бұзбаса, Оператор Тарифтік жоспарды және/немесе Қызметті жою кезінде Абонентті өз білгенінше басқа тарифтік жоспарға немесе Қызметке ауыстыруға құқылы;

4) Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, соның ішінде осы Шарттың 4.3-тармағын Абонент бұзған жағдайда, бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Қызмет көрсетуді толық немесе ішінара тоқтатуға құқылы. Бұзушылықтар түзетілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператор байланыс желісіне қосуды тоқтатады және біржақты тәртіппен осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

5) Абонент қабылданған Қызметтерді төлеуге байланысты осы Шарттың талаптарын бұзғанда, Абонентте бірнеше Абоненттік нөмірлер болған жағдайда, бір Абоненттік нөмір бойынша қабылданған ақшалай қаражатты басқа Абоненттік нөмірлер немесе Қызметтер бойынша берешектерді өтеу шотына есептеуге немесе Абоненттің барлық Абоненттік нөмірлеріне Қызмет көрсетуді алдын ала хабарлама жібермей-ақ тоқтатуға құқылы;

6) қосымша қызметтер көрсеткен жағдайда, Оператор Абонентке қолжетімді әдіспен (соның ішінде: қысқа мәтіндік хабарламалар жіберу арқылы және (немесе) Оператордың Сайтында және (немесе) Оператордың және (немесе) Оператордың Серіктестерінің және (немесе) Өкілдерінің сату және қызмет көрсету кеңселері арқылы ақпарат жариялау арқылы) хабарлай отырып, мұндай Қызметтерді көрсетудің шарттарын белгілеуге құқылы.

7) Абонентте Оператор көрсеткен Қызметтер бойынша берешек болған жағдайда, Оператор берешекті өндіру үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы, бұл ретте Абонент Оператордың осы Шарт аясында жинаған және берешекті өндіріп алу үшін қажет дербес ақпараттың осындай үшінші тұлғаларға берілуіне қарсылық білдірмейді.

8) Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібіндегі Абоненттің келісімімен Абонентке Қызметтерді несиеге беруге құқылы. Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібіндегі Абонентке несиеге көрсетілетін Қызметтер тізімін Оператор анықтайды. Оператор несиеге көрсеткен Қызметтердің құны Абоненттің өз дербес шотын толықтыруы арқылы жүзеге асырылады және Оператордың осы шоттан көрсетілген қызметтер құны Қызметке қосылу барысындағы Абоненттің келісімі негізінде есептен шығарылады.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне шалынатын кіріс қоңырауларын жазуды жүзеге асыруға құқылы. Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметінің қызметкерлері Абонент Оператордың қызметіне қатысы жоқ сұрақтар бойынша бірнеше рет жүгінсе немесе Оператордың қызметкеріне дөрекі қарым-қатынас көрсетсе, Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне рұқсатты шектеуге құқылы;

10) Егер осы шартты тоқтатқаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Осы Шарттың 9-бабында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Абонент өзінің Дербес шотындағы ақшалай қаражаттың қалдығын қайтару туралы талаптілегін білдірмесе, Абоненттердің дербес шоттарынан ақшалай қаражатты есептен Оператордың кіріс шотына шығаруды жүзеге асыруға құқылы;

11) Абоненттің өтінішімен оның тараптардың өзара талаптарын есептеу жолымен өзге шарттар мен мәмілелердің негізінде туындаған Оператордың алдындағы ақшалай міндеттемелерін өтеу үшін Қызметтерге алдын ала төлем ретінде енгізген ақшаларын пайдалануға.

12) Абонентке бонустар, шегерімдер және басқа артықшылықтарды ұсына отырып ұтыс ойындары, акциялар және басқа да маркетингтік сипаттағы іс-шаралар өткізуге. Бонустар мен шегерімдер Оператор тарапынан жарияланған шарттарға сай Абоненттің тек қана Қызметті алуы үшін қолданылады және Оператор тарапынан акциялар өткізу туралы шарттарда тікелей көзделген жағдайлардан тыс, Абонентке ақшалай немесе басқа түрде қайтарылмайды. Оператордың есебінен ұсынылған және Абонент Қызметтерді алуға пайдаланған бонустар, жеңілдіктер және басқа артықшылықтар Қызметтер үшін төлем ретінде есептеледі.

13) Оператордың алдында Абоненттің берешегі болған кезде немесе қолданыстағы заңнамада бекітілген басқа себеппен абоненттік төлемді ауыстырудан бас тартуға құқылы;

14) Абонент туралы мәліметтерді сұратуға (заңды тұлғалар үшін – қосымша құн салығы бойынша есепке қоюы туралы куәлікті, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтамалар, шоттарды жеткізуге арналған мекенжай; жеке тұлғалар үшін – тегі, аты және әкесінің аты, абоненттің нөмірі, туған жері, жеке куәлігін куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні, жеке сәйкестендірме нөмірі, егер болса, пошталық мекенжайы, электронды поштасының мекенжайы, абоненттік нөмір қолданылатын ұялы байланыс абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды);

15) абоненттік нөмірді, осы шарт бойынша құқықтарды, міндеттер мен жауапкершілікті сақтамай жаңа иесінің атына қайта тіркеу талаптарын Абонент орындамаған жағдайда, осы Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға құқылы;

16) Абонент өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімін берсе, бір жақты тәртіпте осы Келісімді орындаудан бас тартады.

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

#### **4. Абоненттің құқықтары мен міндеттері.**

##### **4.1. Абонент міндетті:**

1) Тиесілі сапасы мен Қазақстан Республикасының аймағында әрекет ететін сәйкестендіру сертификаты бар Абоненттік ұялы байланыс құрылғысын пайдалану нұсқамасына сай және белгілі аймақта әрекет ететін ерекше бұйрықтар мен ережелерді (әуежай, ұшақ және т.б.), сонымен бірге кедергілер немесе қауіпті жағдайларды (медициналық ұйымдар, техникалық қызмет көрсету стансалары, жанармайды сақтау мен шамадан артық тиеу аймақтары, жарылғыш жұмыстарды жүргізу орындарында және т.б.) ескере отырып пайдалануға;

2) Абоненттік құрылғыны ұялы байланыс абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес ұялы байланыс операторында тіркеу. Ұялы байланыс абонент құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес ұялы байланыс абоненттік құрылғылары тіркелуі тиіс. Бұл ретте Операторға мыналар туралы мәліметтер ұсынылады:

жеке сәйкестендіру нөмір (жеке тұлға үшін) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлға үшін);

ұялы байланыс абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды;

ұялы байланыс абоненттік құрылғысы пайдаланатын абонент нөмірі.

Қорғалатын адамдар пайдаланатын ұялы байланыс абоненттік құрылғысын тіркеу үшін тек ұялы байланыс абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды туралы ақпарат қана ұсынылады.

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының басқа талаптарын қанағаттандыруды қоса алғанда, сертификацияланған машинааралық өзара қатынастың абоненттік құрылғысын пайдалануы қажет;

машинааралық өзара қатынастың абоненттік құрылғысы заңды мақсаттар үшін пайдаланылуы тиіс.

Машинаралық өзара қатынастың абоненттік құрылғысын пайдалану тәртібі мен шарттары Оператормен бөлек келісілуі мүмкін, оның ішінде Абонентке осындай құрылғыны пайдалану арқылы Қызмет ұсынылу мүмкін. Абонент Машина аралық байланыстың абоненттік құрылғысына арналған Тариф жоспарының SIM-картасын басқа Абоненттік құрылғыларда тиісті емес түрде қолданған жағдайда, Қызмет көрсетудің шектелгені үшін Оператор жауапты болмайды.

4) Қызметтерді көрсету тарифтері мен шарттарымен танысуға, Тіркеу нысанын дұрыс толтырып, оған қол қойып, бір данасын Операторға беруге;

5) Қызметтерді осы Шарт талаптарына сай Оператор тарапынан белгіленген шарттар мен тарифтерге және таңдалған есеп айырысу тәртібіне сай уақтылы төлеуге;

6) Операторға Абонент туралы мәліметтерге қатысы бар нақты мәліметтерді беруге міндетті. Көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, Операторға мұндай өзгертулерден 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша немесе Қызмет көрсетудің автоматты жүйесі арқылы хабарлауға;

7) Абоненттің жеке және сәйкестендіру кодтары, Абоненттік құрылғының бүлінуі (ұрлануы) орын алғанда немесе мұндай ақпаратқа үшінші тұлғалардың рұқсаты бар екендігі туралы ақпарат пайда болған жағдайда, Операторға пайдалануды бұғатқа қою үшін тез арада жазбаша немесе ауызша (ауызша жүгінуден кейін 12 сағаттан кем емес мерзімде жазбаша өтініш берумен) хабарлауға;

8) Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға берген жағдайда, бұл туралы Операторға хабарлауға және осы Шартты жаңа иесіне қайта тіркеуге міндетті. Абоненттік нөмірді осы тармақта бекітілген тәртіпті бұза отырып, өзге тұлғалардың пайдалануы Абонентті осы Шарттың талаптарын орындаудан босатпайды;

9) Үшінші тұлғалардың, соның ішінде кәмелетке толмағандардың, Абоненттік құрылғы, SIM-картаның және Қызметтермен байланысты басқа да құрылғылардың кіруіне және пайдалануға жеке бақылау жасайды;

10) Оператор мен Серіктестердің Қызметтеріне, соның ішінде Автоматты қызмет көрсету жүйесіне қосылуға мүмкіндік беретін абоненттік ұялы байланыс құрылғысының Сәйкестендіру кодын, өзге кодтарды, кілттер мен құпия сөздерді құпия ұстауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге міндеттемелерді атқаруға міндетті.

#### **4.2. Абонент құқылы:**

1) Оператордың ұялы байланыс желісін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне және осы Шарттың талаптарына сәйкес қолданыстағы стандарттармен, техникалық нормалар рұқсат етілетін тәсілдермен радиотелефон сөйлесулерін жүргізу және ақпаратты беру үшін пайдалануға;

2) Оператордан Қызметтер көрсетілу барысында Қызметтердің мазмұны, ерекшеліктері мен шектеулері, Қызметтерді төлеу ережелері, Оператор қызметтерінің жұмыс жасау режимдері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған көлемі мен тәртібіндегі өзге ақпаратты алуға;

3) Оператордың ұсынысымен Абоненттік нөмірді, Тарифтік жоспарды, Акциялық тарифтік жоспарды, Қызметтерді есептеу немесе қосу тәртібін мына тәсілдердің бірін:

- өтініш беру жолымен таңдауға және (немесе) айырбастауға;

- Автоматтық қызмет көрсету жүйесі арқылы.

Бұл ретте, Оператордың сайтында жарияланған немесе Оператор тарапынан Қысқаша мәтіндік хабарлама жіберу арқылы немесе басқа әдістермен жіберілген жоғарыда аталған Оператордың ұсынысы Оператордың офертасына теңестіріледі, ал Абоненттің осы 3) тармақшада белгіленген әдістермен, әрекет етуі Оператор офертасының акцепті болып табылады және



Қызметтер көрсету шарттарына өзгерістер енгізу туралы Тараптардың жазбаша келісіміне теңестіріледі.

4) өзге шарттар мен мәмілелердің негізінде туындаған Оператордың алдындағы өзінің ақшалай міндеттемелерін өтеу үшін Қызметтерге алдын ала төлем ретінде енгізген ақшаларын пайдалануға;

5) интеллектуалдық қызмет көрсетуді (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) өз қалауынша, мұндай қызметті ұсынатын жеткізушілердің талаптарына сәйкес қосуға және ажыратуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа құқықтарды атқаруға құқылы.

#### **4.3. Абонентке тыйым салынады:**

1) өзге абоненттердің Оператор Қызметтерін қолдануға кедергі болуға;

2) Оператордың желісін пайдалана отырып өзге абоненттерге олардың келісімінсіз жарнамалық, ақпараттық және өзге материалдарды жаппай жіберуді ұйымдастыруға (спам);

3) Оператор желісінің кез-келген бағдарламаларына, мәліметтер базаларына және Оператор желісінің өзге бағдарламалық элементтеріне өз бетімен және рұқсатсыз енуге, сонымен бірге Оператор желісі жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін кез келген өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;

4) кез-келген коммутациялық құралдар арқылы сигналдардың тоналдық терімінің көмегімен кіріс және/немесе шығыс шақыруларының қайта жолдауын пайдалануға;

5) Оператор желісі арқылы құрамында вирустары мен өзге зиянды компоненттері бар кез-келген ақпаратты немесе бағдарламалық қамтамасыздандыруды беруге;

6) зияткерлік меншік құқығының нысаны болып табылатын қосымша қызметтің көмегімен алынған бағдарламалық қамтамасыздандыруды немесе өзге материалдарды зияткерлік меншік иесі немесе заңды құқық иеленушісінің рұқсатынсыз беруге, өндіруге немесе кез келген әдіспен көпшілікке таратуға;

7) Оператордың қызметін пайдалану мақсатынсыз радиотелефон қоңыраулары, ғаламтор сессияларын өткізуге, қысқа мәтіндік хабарламалар жіберуге;

8) Оператордың арнайы рұқсатынсыз Абоненттік нөмірді лотерея, дауыс беру, конкурс, сұрақ-жауап сайысы, жарнама, пікіртерім, жаппай тарату өткізу, үшінші тұлғаларға байланыс қызметтерін ұсыну үшін қолдануға;

9) Оператормен алдын ала келіспей және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамастан, ұялы және (немесе) тұрақты байланыс желісін, IP-телефония және т.б. желілеріне рұқсат үшін шлюз орнату арқылы әрекеттерді қоса алғанда, Оператордың желісінен/желісіне трафик транзитін ұйымдастыруға, соның ішінде Оператор желісінің телефон нөмірлеріне сыртқы IP немесе SIP трафиктің коммутациясын рұқсат беретін бағдарламалық жасақтаманы жүктеуге, орнатуға және/немесе басқа түрде қолдануға, Ғаламтор желісінен сыртқы IP/SIP серверлерге кіретін телефон байланыстарын коммутациялауға;

10) Желі жұмысының бұзылуына және/немесе Операторға зиян беретін басқа да іс-шараларды жасауға тыйым салынады.

#### **5. Оператор Қызметтерінің құны мен есеп айырысу тәртібі.**

5.1. Оператор, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген талаптарды сақтай отырып, барлық Қызмет түрлерінің тарифтерін, оның ішінде Тарифтік жоспарларды және Акциялық тариф жоспарларын дербес белгілейді.

5.2. Радиотелефон қосылуы ұзақтығын есепке алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тарифтеу бірліктеріне сай жүргізіледі.

5.3. Байланыс құнын есептеу кезінде, егер Тарифтеу бірлігімен көрсетілген байланыс ұзақтығы үшін тариф көбейтіндісі теңгенің мыңдық немесе одан да аз үлесін қамтитын болса, келесі теңге жүздігіне дейін үлкен жағына дөңгелектеледі.

5.4. Қызмет үшін есеп айырыс келесі есеп айырысу жүйелері арқылы жүргізіледі:

5.5. Төлем күні (Абонент дербес шотына ақшалай қаражатты есепке алу) болып ақшалай қаражаттың Оператордың шотына түскен күні немесе Оператор кассасына ақшалай қаражатты енгізу күні есептеледі.

5.6. Қызмет көрсету үдерісінде жұмылдырылған байланыс операторларымен және үшінші тұлғалармен өзара есеп айырысу ерекшелігіне және Оператордың технологиялық жабдықтарының мүмкіндіктеріне қарай, кейбір жеке Қызметтер құны Оператор тарапынан кейінгі Есеп кезеңдерінің шотына қосылуы мүмкін.

5.7. Есеп айырысудың несиелік тәртібі.

1) Есеп кезеңінде Оператор көрсеткен Қызметтердің төлемін абонент Оператор ұсынған шот-фактура негізінде төлейді;

2) осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиесілі орындау мақсатында Оператор, Абонент өзі таңдаған Тарифтік жоспарда бекітілген соманың кепілді жарнасын төлеуін қарастыруы мүмкін. Берешек болмаған жағдайда, осы Шартты бұзған жағдайда кепілді жарна Абонентке қайтарылуы тиіс. Абоненттік нөмірді алғытөлемдік есеп айырысу тәртібіне аударған жағдайда, кепілді жарна сомас келешекте көрсетілетін Қызметтер есебіне саналатын болады;

3) Абонент осы Шарттың 5.7-тармағының 1-тармақшасында қарастырылған Оператор көрсеткен Қызметтерді төлеу мерзімін бұзған жағдайда, Оператор алдын ала жазбаша хабарлама жіберместен:

а) Қызметтерді көрсетуді тоқтатуға;

б) егер Қызметтерді төлеу жөніндегі берешек Қызметтерді ұсыну тоқтатылған сәттен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде өтелмесе, Шарттан бір жақты тәртіппен бас тартуға.

4) Абонент ұялы байланыс негізгі қызметтері үшін Лимит белгілеуге құқылы, бұл лимитке жеткен жағдайда Оператор қызмет көрсетуді тоқтатады. Бұл ретте Лимитке Оператор тарапынан белгіленген Абоненттік ақы және қосымша қызметтер кірмейді, оның ішінде Роуминг қызметі және ғаламтор желісіне қосылу қызметі кірмейді.

5.8. Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібі.

1) Абонент осы Шартқа қосылған кезде Абонент таңдаған батапқы топтамада және (немесе) тарифтік жоспарда белгіленген мөлшерінде алғытөлемдік төлемдер төлейді.

2) Кейінгі аванстық төлемдерді Абонент таңдалған Тарифтік жоспардың немесе Акциялық тарифтік жоспардың шарттарын ескеріп, Қызметтерді тұтынудың болжалды көлемі мөлшерінде іске асырады.

## **6. Роуминг қызметтерін көрсету ерекшеліктері.**

1) Роуминг қызметін қосқан кезде Абонент Роумингтің шарттарымен, сондай-ақ Оператор белгілеген тарифтерге сәйкес қызметтердің ақысын төлейтіндігімен келісетіндігін білдіреді. Роуминг туралы барлық ақпараттар Оператордың Сайтында, Оператордың, Оператор Өкілінің және (немесе) үшінші тұлғалардың сату және қызмет көрсету кеңселерінде жарияланады және (немесе) Қысқаша мәтіндік хабарлама жолдау арқылы және (немесе) Оператордың қызметі туралы жарнама материалдары арқылы хабарланады және (немесе) Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметі арқылы ұсынылады.

2) Оператор алғытөлемдік есеп айырысу тәртібі Абоненттері үшін Роуминг қызметтеріне қосылудың Шекті сомасын белгілеуге құқылы. Оператордың роуминг-серіктесі тарапынан белгіленген Шекті сома мөлшерінен көрсетілген қызметтер құнының асып кеткені туралы нақты уақыт режимінде мәліметтер келіп түскен жағдайда, Оператор Абоненттің келісімінсіз Абоненттік нөмір бойынша Қызметтер ұсынуды тоқтатуға құқылы.

3) Оператор Абоненттік нөмірді белсендіру күні барлық Абоненттер үшін кем дегенде 180 күнді құрайтын Оператордың сайтына тиісті ақпаратты орналастырып Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы Роуминг қызметтерін қосу шарттарын анықтауға құқылы.

4) Несиелі есеп айырысу тәртібі Абоненттері, Лимиттің асып кетуіне апаратын 30 (отыз) күнге дейін қызметтердің тарификациясы кешігетін нақты уақыт режимінде байланыстың ұзақтығын қадағалайтын жүйе болмауы себебіне байланысты Роуминг қызметтері бойынша Лимит белгілей алмайды.

5) Роуминг қызметтері құны есеп айырысу Роуминг қызметтерін қолдану фактісі бойынша Роуминг серіктестерінен ақпарат келгендігіне қарай жасалады. Төлемге кірген және шыққан байланыстар, Қысқаша мәтіндік хабарлама жіберу, Ғаламтор желісіне қосылу, оның ішінде мұндай қызметтерді көрсетудің шарттары мен тарифтеріне сай қайта бағыттау қызметтері жатады.

6) Роуминг қызметін қосу үшін Абоненттің келісімін алу Абоненттің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

## **7. Оператор қызметтерін әділ пайдалану саясаты**

7.1. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде Оператор №2 Қосымшада көрсетілген Қызметтерді әділ пайдалану саясатын қолданады.

7.2. Оператор аталған әділ пайдалану саясатын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда өз қарауы бойынша келесілерге құқылы:

1) Әділ пайдалану саясаты бұзылған Қызметтерді Абонентке алдын ала хабарламастан тоқтатуға, немесе жеке дара қызметтерді тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, Абонент басқа Тарифтік жоспарға өткенге дейін немесе лимитсіз немесе оларға теңестірілген қызметтерге қосылуға өткенге дейін барлық қызметтерді тоқтатуға және (немесе)

2) Лимитсіз деректер беруді көздейтін Тарифтік жоспарлар және Қызметтер бойынша, Абонентке алдын ала хабарламастан, Абонент әділ пайдалану саясатын бұзушылықты жойғанға дейін және Абонент Операторға мұндай жою туралы хабарлағанға дейін Абонент үшін деректер берудің максимальды өткізу қабілетін шектеуге;

7.3. Абоненттің Операторға зиян тигізетін қасақана әрекеттері (Осы Шарт пен әділ пайдалану саясатына сәйкес Қызметтерді риясыз алу мақсатынсыз) анықталса, соның ішінде Абонент немесе басқа Абоненттер/үшінші тұлғалар Абоненттің Дербес шотын қатыстыра оырып Фрод жасаса, Оператор мұндай зияндарды Абоненттің толық көлемде, соның ішінде жеке шоттан ақша ұстау арқылы, өтеуін талап етуге құқылы.

## **8. Тараптардың жауапкершігі**

8.1. Оператордың жауапкершілігі.

1) Кез келген жағдайда жауапкершілік Абонентке келтірілген тікелей залалдың (шынайы залалдың) мөлшерімен шектеледі және Оператор Абоненттің және (немесе) үшінші тұлғалардың ұтылған пайда түріндегі ықтимал залалдары үшін жауапкершілік тартпайды;

2) Оператор осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындамау келесі жағдайлардың себебінен болғанын дәлелдесе:

а) еңсерілмес күштер жағдайлары (өрт, дүлей апаттар, соғыс іс-әрекеттері, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздік, террорлық әрекеттер, ауа райы құбылыстары, магнит бораны және т.б.);

б) Шарт бойынша Оператордың өз міндеттемелерін орындамауына әкелген, мемлекеттік органдардың акті шығаруы;

в) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Шартта бекітілген міндеттемелерін Абоненттің бұзуы;

г) Қызметтерді үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануы;

д) үшінші тұлғалардың өзге әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен),

е) байланыс желілерінде апараттар/іркіліс, үйлер, ғимараттар және техникалық қондырғылар, телекоммуникациялық жабдықтардың бұзылуы, сондай ақ Оператор орынды бақылауынан тыс басқа жағдайлар.

8.2. Оператор жауапкершілік тартпайды:

1) басқа байланыс операторлары, сондай-ақ, басқа операторлар ұсынатын қызметтермен Оператордың Қызметтерді үйлестіруі кезіндегі қызметтердің сапасы үшін;

2) үшінші тұлғалардың Оператор Қызметтері және/немесе желісін пайдалана отырып көрсететін сапасы және қызметтердің мазмұны үшін;

3) Абоненттің, байланыс пайдаланушыларының және өзге тұлғаларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтарының сақталынуы үшін;

4) материалдарды және (немесе) ақпаратты алуға келісім берген Абонентке желі және (немесе) Оператордың Қызметтері арқылы үшінші тұлғаларға жіберілетін жарнаманың, ақпараттық және басқа да материалдардың және/немесе өзге де ақпараттың мазмұны мен нысаны үшін;

5) Оператордың байланыс желілерінде жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың іс-әрекеттері мен аталған органдардың үшінші тұлғаларға Абонент пен көрсетілген Қызметтер туралы ақпаратты әшкерелеуі, сонымен бірге Абонентке Қызметтерді көрсетуін тоқтатуы және/немесе шектеуін құқық қорғау органдарының талап еткені үшін;

6) Үшінші тұлғалар әкімшілік ететін бүкіл дүниежүзілік торап немесе Ғаламтор желісі ресурстарының қолжетімсіздігі үшін;

7) Оператор мен Серіктестердің қызметтеріне, соның ішінде Автоматты қызмет көрсету жүйесіне немесе оларға үшінші тұлғалардың қосылуына мүмкіндік беретін абоненттік ұялы байланыс құрылғысының Сәйкестендіру кодын, өзге кодтарды, логиндерді, кілттер мен құпия сөздерді жоғалтуға байланысты Абонент және (немесе) үшінші тұлғалар ұшыраған залалдар үшін, сондай-ақ Дербес шоттарды толтырған кезде және Автоматты қызмет көрсету кезінде жіберілген қателер салдарынан келтірілген залалдар үшін;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де жағдайларда жауапты болмайды.

8.3. Абоненттің жауапкершілігі

1) Абонент осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, соның ішінде осы Шарттың 4.3. тармағында белгіленген тыйымдарды бұзған жағдайда Оператордың алдында жауап береді және Операторға залалдардың есесін толық көлемде толтыруға.

2) Абонент Абоненттік нөмірдің және (немесе) Абоненттік құрылғының өзінің меншігінен шығуы және Абоненттік нөмір және (немесе) Абоненттік құрылғының үшінші тұлғаларға табысталуымен байланысты тәуекелдерді және жауапкершілікті алады.

## **9. Шарттың қолдану мерзімі мен тоқтатылуы тәртібі.**

9.1. Осы Шарт 2.6 тармаққа сәйкес Абонент осы Шартқа қосылған күннен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзылғанға дейін әрекет етеді. Бұл ретте Абоненттің Дербес деректерін жинау және өңдеу туралы келісім егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, оларды жинау және өңдеу мақсатында қажетті кезең үшін жарамды..

9.2. Абонент Операторға өтініш беру Қазақстан Республикасының заңнамасына

Ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді ауыстыру қағидаларына сәйкес абоненттік нөмірді Ауыстыру процедурасы арқылы Шарттан кез келген уақытта бір жақты тәртіппен бас тартуға. Оператордың Қызметтерді көрсетуді нақты тоқтатуы Абоненттің өтінішінде

көрсетілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте Абоненттің берешегі болған жағдайда осы Шартты бұзуға жол берілмейді.

Абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған деректер базасынан (АНОДБ) берешегі бар Абоненттік нөмір бойынша сауал алған жағдайда Оператор Абоненттің берешегі болуына байланысты абоненттік нөмірді ауыстырудан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны АНОДБ-не жолдауға құқылы.

9.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, сонымен бірге Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Оператор осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуға (бір жақты бас тарту) құқылы және Шарт бұзылды деп саналады.

9.4. Басқа оператордың желісіне абоненттік нөмірді көшіру нәтижесінде Шарт тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, осы Шарт бұзылғанда немесе әрекеті тоқтатылғанда, Абоненттік нөмір алынады. Абоненттің меншігіндегі Абоненттік құрылғыны Оператор сатып алмайды, сонымен бірге SIM-карта құны, сатып алынған, бірақ белсендірілмеген жедел төлем Карталарының құны Абонентке қайтарылмайды.

Алынған Абоненттік нөмір келешекте басқа абонентке берілуі мүмкін.

Абонентке көрсетілген Қызметтер шеңберінде есептелген бонустар мен шегерілімдер, осы Шарт бұзылған немесе әрекеті тоқтатылған жағдайда, акцияларды өткізу шарттарында Оператормен тікелей қарастырған жағдайларды қоспағанда, Абонентке қайтарылмайды және төленбейді және басқа жолмен өтелмейді,

9.5. Шарт бұзылған жағдайда Абонентке қалған ақшасы Абоненттің қайтару туралы өтініші тіркелген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде оның дербес шотына қайтарылады. Бұл ретте Оператор Абоненттік нөмірдің нақты қолданылатынын және ақшаның салынғанын растауды талап етуге құқылы. Ақша Абонент өз өтінішінде реквизиттерін жазған банк шотына немесе банк карточкасына ақшаны аудару арқылы қолма қол ақшасыз немесе қолма қол ақша түрінде қайтарылады.

9.6. Оператор шарттан бір жақты тәртіппен бас тартуға құқылы егер:

1) Абонент Оператордың Қызметтерін (кіріс және шығыс байланысы, қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау/алу, деректерді жіберу қабылдау/беру) 12 ай мөлшерінде пайдаланбайды;

2) Несиелік есеп айырысу Абонентінің Оператордың алдында қарызы болған жағдайда, осы Шартта қарастырылған тәртіппен.

9.7. Егер Оператордан Қызметтерді алудың қажеті жоқ Абонент ұялы байланыс қызметтерін көрсету және Шоттардан балансты алып тастау туралы келісімшартты жүйелі түрде тоқтатса, Оператор Келісімшарттың бұрын аяқталуы 60 (алпыс) күннен аз болған жағдайда, Абоненттің келісімін бұзудан бас тартуға құқылы.

## **10. Өзге шарттар.**

10.1. Осы Шарттың талаптарымен реттелмеген барлық мәселелер бойынша, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

10.2. Осы Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешеді.

10.3. Осы Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалынған.

10.4. Осы Шарт барлық Абоненттерге таратылады және осы Шарт Оператордың Сайтына орналастырылған сәттен бастап Ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы бұрын жасалған Жария шартты алмастырады.

10.5. Қысқа мәтіндік хабарламалар жаппай жолданған немесе осы Шарт Оператордың сайтына жарияланған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Абонент 9.2.тармаққа сәйкес Шарттан бас тарту туралы өтініш беруге құқылы. Оператордың көрсетілген мерзімде бас тартуды алмауы, сондай-ақ Абоненттің Қызметтерді пайдалануы Абоненттің осы Шарттың талаптарын сөзсіз қабылдауын білдіреді.

**11. Оператордың деректемелері.**

«**КаР-Тел**» ЖШС, Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010010, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, Қадырғали Жалайыри көш., 2,  
тел. +7 727 3500606, факс +7 727 3500605, БСН 980540000397 Банктің атауы – «ForteBank»АҚ  
Банктің БСК – ІРТҮҚЗҚА, ЖСК KZ239650200007576641.

**Оператордың Ақпараттық жүйесін пайдалану және Beeline Мобильді қаржы сервисін  
ұсыну**

**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

(Бұдан әрі «Ережелер» деп аталады)

Осы Ережелер **Оператор** мен **Абоненттің**, Электронды ақшаны Банктің атынан Оператордың сатуы және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдерді қолдану және басқа операцияларды өткізу мақсатында Абоненттің сатып алуы кезінде туындайтын қатынастарын реттейді, сондай-ақ Абоненттің Электронды әмиянның Толтыруы туралы және Электронды ақшамен қатысты басқа операцияларды жасау туралы Нұсқауды жіберетін Оператордың Ақпараттық жүйесін Абоненттің қолдану тәртібін анықтайды.

1. Осы Ережелерде келесі негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) **«Авторизациялау»** – Абонент Логинді және Құпия сөзді енгізу арқылы Beeline мобильдік қаржылық сервистері) жеке кабинетіне кіруге талпынған кезде, «Beeline Мобильді қаржылық сервистер» Жеке кабинетінде Абоненттің операцияларды жасау құқығын тексеру (растау) үдерісі;

2) **«Банк немесе Эмитент»** – Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сай Электронды ақша жүйесінде Электронды ақшаны шығарып, өтейтін екінші деңгейдегі банкілер. Банкілердің атауы, орналасқан орны және тіркеу нөмірлері Жүйенің Ережелерінде және Электронды ақша жүйесі Операторларының сайттарында жазылған.

3) **«Дербес төлем нөмірі»** – Абонент Электронды ақшаны сатып алғаннан кейін электронды түрде Электронды ақша жүйесі Операторы Абонентке ұсынатын нөмір, бұл арқылы Абонент money.beeline.kz сайтында Электронды ақша сатып алуды растайтын құжатты алу мүмкіндігіне болады.

4) **«Ақпараттық жүйе»** – Абоненттің Нұсқауларын жіберуді қамтамасыз ететін Оператордың жүйесі мен тиісті ұйымдық және техникалық ресурстар.

5) **«Beeline Картасы»** - «КАРТА BEELINE» VISA/MASTERCARD алтын ала төленген халықаралық төлем карталарын беру және қызмет көрсетуге қосылу лелісіміне сай Абонентке арнап Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкімен шығарылған халықаралық алдын ала төленген төлем картасы.

6) **«Лимит»** - Электронды ақша иесіне қолжетімді Электронды ақша жүйесін Оператор белгілеген уақыт кезеңінде транзакциялау мөлшері және/немесе бір операцияның максималды сомасы;

7) **«Beeline Мобильді қаржылық сервистер» жеке кабинеті** - Электронды әмиянды толтыру туралы және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша үшінші тұлғалар пайдасына Электронды ақшамен төлем жасау немесе жасалған Электронды әмиянды толтырулар, төлемдер және Электронды ақшамен басқа операциялар бойынша деректерді қамтитын басқа операцияларды Электронды ақшамен жасау туралы Нұсқаудың Абонент тарапынан берілуі мақсатында Оператордың ақпарат жүйесіне Абонентке қол жетімділік ұсынатын арнайы қорғау жабдықтарымен қорғалған Оператор Сайтындағы арнаулы бөлім.

8) **«Логин»** - «Beeline Мобильді қаржылық сервистер» Жеке кабинетіне Абоненттің кіруіне мүмкіндік беретін Абоненттің «Beeline Мобильді қаржылық сервистер» Жеке кабинеті аты (сәйкестендіргіші).

9) **«Beeline Мобильді қаржы сервисі»** – Өзінің Ақпараттық жүйесіне рұқсат беру және Абоненттің Электронды ақшаны қолдана отырып Төлем жасауы және басқа операцияларды жасауы мақсатында Абоненттің Нұсқауы негізінде Электронды әмиянды Толтыру бойынша Оператордың қызметтері.

10) **«Электронды ақша жүйесі операторлары»** – «WOOPPAУ» (ВУППЭЙ) ЖШС және «Личная касса» ЖШС, Электронды ақша жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін және Электронды ақшаны қолдана отырып операциялар өткізу кезінде қалыптастырылған ақпараттарды жинау, өңдеу және табыстауды қоса алғанда, есеп айырысатын қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету бойынша қызметтер ұсынатын серіктестік. Электронды ақша жүйесінің операторларына болашақта «КаР-Тел» ЖШС ынтымақтасатын операторлар жатады. Электронды ақша жүйесінің операторлары «КаР-Тел» ЖШС, Оператор сайтында орналастырылған.

11) **«Күпия сөз»** – Үшінші тұлғалардың заңсыз қол сұғуынан ақпаратты қорғауға арналған «Beeline Мобильді қаржы сервистері» Жеке кабинетіне кіру кезінде Абонентті және оның өкілеттігін растауға арналған белгі және/немесе нышандар және/немесе цифрларды жиынтығы

12) **«Төлем»** – Электронды ақша тауарларын қолдана отырып, Жабыдқтаушы мен Абонент арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Абоненттің үшінші тұлғалардың (Жабдықтаушылардың) тауарлары, жұмыстары, қызметтері ақысын төлеуі

13) **«Электронды ақшаны өтеу»** – Иесі тарапынан ұсынылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оларды ұсынбай өтелуі тиісті, Қазақстан Республикасындағы заңнама талаптары және Жүйе ережелеріне сәйкес жүргізілетін олардың номиналдық құны бойынша тең ақшаны Электронды ақшамен алмасу бойынша Эмитент тарапынан жасалған операция.

14) **«Электронды әмиянды толтыру»** – Абоненттің Оператордан Электронды ақша сатып алуы және Абоненттің Нұсқауы бойынша оларды Электронды әмиянға есепке жатқызу операциялары.

15) **«Жабдықтаушы»** – пайдасына Абонент Электронды ақшамен төлем жасайтын, Абонентке қызметтер, жұмыстар ұсынатын немесе тауар сататын тұлға.

16) **«Жүйенің ережелері»** — Электронды ақша жүйесі операторларының сайтында орналасқан Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде эмитентпен келісілген және белгіленген ережелер, бұларға сәйкес Электронды ақша шығарылады, сатып алынады, қабылданады, беріледі, өтеледі.

17) **«Жария шарт»** – мәні Оператордың Абонентке байланыс қызметін көрсетуі болып табылатын Абонент пен Оператор арасында жасалған шарт.

18) **«Оператордың сайты»** – Ғаламтор желісіндегі Оператордың ақпараттық қоры, мекенжайы: [www.beeline.kz](http://www.beeline.kz)

19) **«Электронды ақша жүйесі Операторларының сайттары»** – Электронды ақша жүйесі Операторының ақпараттық ресурсы. Электронды ақша жүйесі Операторларының Сайттары туралы ақпарат Оператор - «КаР-Тел» ЖШС-ң сайтында орналастырылған.

20) **«Электронды ақша жүйесі»** – Электронды ақшамен төлемдерді және басқа да операцияларды қамтамасыз ететін Электронды ақша жүйесі Операторының бағдарламалық-техникалық жабдықтары, құжаттары және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жиынтығы.

21) **«Нұсқау»** – Бір мезетте Абоненттің Оператор тарапына Абоненттің Электронды әмиянын Толтыру жөніндегі нұсқауы болып және осы Ережелердің 11-тармағында көзделген әдістермен Абонент тарапынан ұсынылған Электронды ақшамен Операциялар жасау туралы Электронды ақша жүйесі Операторына өкім болып қызмет ететін Абоненттің өкімі.



**22) «Электронды ақша жүйесінің қатысушылары»** – Осы Жүйенің Ережелеріне және жасалған шарттарға сай Электронды ақша жүйесі шеңберінде электронды ақша шығару, беру, қабылдау, қолдану, сатып алу, сату немесе өтеу бойынша құқықтары немесе міндеттемелері туындайтын жеке немесе заңды тұлға.

**23) «Фрод»**- Оператордың байланыс желісіндегі ресурстар мен қызметтерді заңсыз пайдалану немесе рұқсат етілмеген әрекеттер, сондай-ақ Оператор желісінің немесе Ақпараттың Жүйенің жұмысына кері әсер ететін басқа да әрекет.

**24) «Электронды ақша»** — Электронды үлгіде сақталатын және Электронды ақша жүйесінің басқа қатысушылары тарапынан Электронды ақша жүйесінде төлем құралы ретінде қолданылатын Эмитенттің шартсыз және қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері.

**25) «Электронды әмиян»** – Электронды ақша сақталатын және/немесе оларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, Абонентке Электронды ақшамен төлемдер, аударма және басқа Операцияларды жасауға мүмкіндік беретін дербес компьютердің микропроцессоры (чип), бағдарламалық жасақтамасы, басқа да бағдарламалық техникалық жабдықтар.

**26) «USSD»** — қысқа хабарламаларды тарату тәртібінде Абонент пен сервистік қосымшалар арасында өзара интерактивті әрекеттесуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін [GSM желілеріндегі стандартты сервис](#)

Осы ережелерде ұғымдары және мәндері көзделмеген терминдер Жария шартта бұл терминдер үшін көзделген ұғымдарға және мәндерге сәйкес түсіндіріледі.

**2.** Осы ережелердің шарттарына сай, Оператор: (1) Эмитент тарапынан белгіленген шарттарда Электронды ақшамен Абоненттің Төлемдер және басқа да операциялар жасауы мақсатында Электронды ақшаны Абоненттерге сатады (Бұдан әрі «Электронды әмиянды толтырады»); (2) Абоненттің Нұсқауларын Операторға беруді және Электронды ақша жүйесі Операторының, Абоненттің Электронды әмияның толтыру туралы және Электронды ақшаламен операция өткізу туралы Нұсқауларды беруін қамтамасыз ететін Ақпараттық жүйені қолдану мүмкіндігін Абоненттерге ұсынады (**бұдан әрі барлығы «Beeline Мобильді қаржы сервисі» деп аталады**).

**3.** Оператордың Абонентке Электронды ақшаны сатуы Жабдықтаушыларға қызметтер/тауарлар/жұмыстарды төлеу мүмкіндігін Абоненттерге қамтамасыз ету және Электронды ақша Жүйесінде Электронды ақшамен басқа да операциялар жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі. Нұсқауды жолдай отырып, Абонент Оператордан Электронды ақша сомасын сатып алады және оларды қолдана отырып Жабдықтаушының пайдасына Төлем жасайды немесе Электронды ақша Эмитенті белгілеген шарттарда басқа операциялар жасайды. Нұсқаулар осы Ережелерде көзделген әдістермен Абонент тарапынан Оператордың Ақпараттық жүйесін қолдана отырып жолданады.

**4.** Электронды ақша сатып алу операциялары бойынша Оператормен Абоненттердің есеп айырысуы Абоненттің дербес шотында көрсетілген байланыс қызметі үшін алғытөлем ретінде Абоненттер тарапынан жатқызылған ақшалай қаражаттар есебінен жүргізіледі. Абоненттің Электронды ақша сатып алуымен байланысты Абоненттің Дербес шотынан есептен шығару туралы ақпарат Жария шарт негізінде берілген көрсетілген байланыс қызметі бойынша ашып көрсетілген ақпараттарда көрсетіледі.

**5.** Абонент тарапынан Электронды әмиянды толтыру, Төлемдер, Электронды ақшаны Өтеу үшін ұсыну және Электронды ақшамен басқа да операциялар жасау Электронды ақша операторларының сайттарында, соның ішінде [www.woopay.com/files/2.pdf](http://www.woopay.com/files/2.pdf) және [https://my.kassa24.kz/media/files/Правила\\_СЭД\\_070214.doc](https://my.kassa24.kz/media/files/Правила_СЭД_070214.doc) және <https://kempay.kz/ru/doc>.

мекенжайы бойынша жарияланған Жүйе Ережелерінде көзделген тәртіпте және шарттарда жүргізіледі. Акцепт арқылы осы ережелерді (Офертаны) қабылдай отырып, Абонент өз келісімін береді және Жүйенің Ережелеріне толық көлемде қосылады.

## 6. Осы Ережелерге Абоненттің қосылу тәртібі

6.1. Абоненттің осы ережелерге қосылуы Абоненттің осы Ережелер шарттарымен танысқандығын және оның келісімін білдіреді.

6.2. Абоненттің осы Ережелерге қосылуы және олардың күшіне ену сәті болып Абоненттің келесі әрекеттердің біреуін жасау сәті саналады:

- Тіркеу нысанына қол қою арқылы Жария шартқа қосылу;
- Веб-қорларда немесе Абоненттік құрылғыларға арналған кез келген басқа қосымшаларда осы Ережелердің мәтінінің қасына белгі түрінде (қанат белгісін қою) білдірілген осы Ережелердің шарттарына өзінің келісімін растау;
- 2010, 2020, 902045, 2505, 7757, 9909 нөмірлеріне немесе жарнамалық материалдарда және Оператордың немесе Электронды ақша жүйесі Операторының коммуникацияларында көрсетілген басқа нөмірге SMS жолдау.
- USSD мәзірінде көрсетілген пәрмендер (көрсетілген сандар) жиынтығын теру арқылы өз келісімін растау. Осы Ережелердің көкейтесті нұсқасы орналасқан ғаламтор желісінде мекенжайы көрсетіле отырып, осы Ережелерге сілтемені қамтитын Оператормен басқа келісімшарттарға қол қою.

7. Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент өз келісімін береді және Абонент өзіне Beeline Мобильді қаржы сервисін ұсынуы үшін Дербес деректерін Операторға, Электронды ақша жүйесінің операторына өндеуге, сақтауға және өндеуге рұқсат береді, Электронды ақша жүйесінің Операторына Абоненттің дербес деректерін Оператордан алуына келісімін береді және Операторға, Банкке, Жеткізушіге және сенім артылған тұлғаларға Абоненттің дербес деректерін табыстауға келісімін береді. Дербес деректерді өндеу деп, дербес деректерді жинау, сақтау, өзгерту, толықтыру, қолдану, үлестіру, иесіздендіру, оқшаулау және жоюды қоса алғанда, оның ішінде осы ережелермен көзделген Beeline Мобильді қаржылық сервисті ұсыну барысында және Электронды ақшаның айналысы барысында Эмитентке немесе басқа тұлғаларға Дербес деректерді беруді қоса алғанда дербес деректермен әрекеттер (операциялар) ұғынылады. Оператор үшінші тұлғалармен жасалған құпиялылық туралы келісімшарттар негізінде, тек қана осы Ережелермен көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында Абоненттердің дербес деректерін оларға өндеуге табыстауға құқылы.

8. Электронды ақшаны сатып алу және Ақпараттық жүйеге қолжеткізу мүкіндігі Абонентке келесі шарттарда ұсынылады:

- Оператордың алдында Абоненттің байланыс қызметі және басқа қызметтер үшін берешегі болмаған жағдайда;
- Абоненттік құрылғы бұғатталмаған жағдайда;
- Абоненттік нөмірде Beeline Мобильді қаржы сервисін қолдануға салынған тыйым болмаған жағдайда;
- Дербес шотта жеткілікті ақша сомасы бар болған кезде;
- Егер Электронды ақшамен жасалатын Операциялар сомасы белгіленген Лимиттерден аспайтын болса;

- Егер Абонент тарапынан енгізілген деректер дұрыс болса.
- егер абоненттік нөмірді қолдану басталған сәттен бастап және Электронды ақшаны сатып алу бастамасына дейін Абонент Тариф жоспарына қарай келесі байланыс қызметтерін: SMS-хабарламалар, интернет желісіне қосылу қызметтері, қоңырау соғу қызметтерін пайдаланса.
- Абонент туралы мәліметтерге жатқызылған деректер дұрыс болса.

Абонент осы тармақта көзделген шарттарға, Ережелерге немесе Жария шартқа үйлеспеген жағдайда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына қайшы келмейтін негіздерде Оператор Beeline Мобильді қаржылық сервисті Абонентке ұсынадан бастартуға құқылы.

## **9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.**

### 9.1. Оператор міндетті:

9.2 Осы Ережелердің 7-тармағын есепке ала отырып, Абонент туралы дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге. Абоненттің өз дербес деректерін, оның ішінде Оператордың Ақпараттық жүйесіне рұқсат берілетін «Beeline Мобильді қаржы сервиси» Жеке кабинетіне немесе Абоненттің құрылғысына арналған қосымшаға кіруді қамтамасыз ететін логинді, құпия сөзді жариялау және/немесе жоғалтумен байланысты Абонентке тигізілген кез келген түрдегі зиян үшін Оператор жауапкершілік тартпайды.

### 9.3 Оператор құқылы:

- 9.3.1 Beeline Мобильді қаржы сервисті ұсыну тоқтағанға дейін немесе өзгерістер күшіне енгенге дейін кем дегенде 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы осы тарауда қарастырылған тәртіпте соттан тыс тәртіпте Beeline Мобильді қаржы сервисті ұсынадуды тоқтатуға немесе оны ұсыну тәртібі мен шарттарын өзгертуге құқылы. Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент осы бапта қарастырылған тәртіппен Оператордың осы Ережелердің талаптары мен ережелерін алдағы уақытта өзгертуіне келісімін береді.
- 9.3.2 Акцияларға толықтырулар, өзгерістер мен жоюлар енізгерден ең кемі 1 (бір) күнтізбе күні бұрын Оператордың Сайтында жариялаған соң, Beeline Мобильді қаржы сервисті ұсыну шеңберінде біржақты тәртіппен акцияларды толықтыруға, өзгертуге және жоюға құқылы.
- 9.3.3 Жеке шотта 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден көп сома болса, оның мақсаттары туралы ақпаратты Абоненттен сұрауға;
- 9.3.4 Оператордың Сайтында тиісті ақпаратты жариялай отырып, Оператор бір жақты тәртіпте Абоненттің Нұсқау беру әдістерін өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы
- 9.3.5 Абонент Осы Ережелердің, Жария шарттың талаптарын бұзған жағдайда немесе жасағаны туралы Абоненттен күдіктенген немесе кінәланған алаяқтық, Фрод немесе құқыққа қайшы әрекеттер жағдайы анықталған жағдайда, сондай-ақ Операторда, Мобильді қаржы сервисті Абонент қылмысты жолмен тапқан табысын заңдастыру (ізін жасыру) және терроризмді қаржыландыру немесе басқа заңға қайшы мақсатта қолданады дегені негіз болса, бұл туралы Абонентке алдын ала ескертпей Beeline Мобильді қаржы сервисті Абонентке ұсынадан бас тартуға.
- 9.3.6 Терроризмге және террорлық ұйымдарға қатысы бар тұлғалар тізімінде көрсетілген тұлғалардың пайдасына немесе осындай тұлғалар Электронды ақшамен жасаған операцияларды тоқтатуға.

### 9.4 Абонент міндетті:

9.4.1 Осы Ережелерде қарастырылған талаптар мен міндеттемелерді орындауға міндетті;

9.4.2 Осы Beeline Мобильді қаржылық сервисі шеңберінде ұсынылған қызметтерді төлеуге, оның ішінде, Абоненттік құрылғының/Абоненттік нөмірдің Абоненттің меншігінен шығуы немесе оның Абонент тарапынан үшінші тұлғаға табысталуы жағдайында да төлеуге міндетті.

9.4.3 Өзінің Абоненттік құрылғысының немесе осы Beeline Мобильді қаржы сервисіне қолжетімділікті қамтамасыз ететін құпия сөздің және (немесе) SIM-картаны жоғалтқан кезде, Абоненттік нөмірді бұғаттау үшін бұл туралы Операторға дереу хабарлауы және 0611 телефоны немесе Оператордың Сайтында көрсетілген мекенжай бойынша Оператордың қызмет кеңсесіне жүгінуі тиіс.

9.4.4 Beeline Мобильді қаржы сервисін қолдану шеңберінде Оператордың алдында қарыздың пайда болуына алып келетін әрекеттерді істемеуге, сондай-ақ қарыз туындаған жағдайда қарызды және Мобильді қаржы сервисін теріс ниетте пайдаланған жағдайда Оператор шеккен зиянды уақытында жабуға, соның ішінде Дербес шоттан ақшаны Оператордың ұстауы арқылы.

9.5 Абонент құқылы:

9.5.1 Осы Ережелерде көзделген талаптарды сақтауға және үйлесу шарттарында, Оператордың Ақпараттық жүйесіне кіру рұқсатын алуға.

9.5.2 Тиісті талап бойынша кез келген уақытта Электронды ақшамен қатысты жасалған операциялар туралы ақпарат алуға.

10 Beeline Мобильді қаржы сервисін көрсеткені үшін Оператордың сыйақысы.

10.1 Beeline Мобильді қаржылық сервисін көрсеткені үшін Операторға Абонент тарапынан төленуі тиіс сыйақы және (немесе) комиссия сомасы туралы ақпарат Абонентке Электронды әмиянды толтыру операциялары және Электронды ақшамен Операциялар жасау туралы қолжетімдік ұсынылған қорларда Оператор тарапынан Абонентке беріледі.

11 Тараптардың жауапкершілігі.

11.1 Электронды ақшамен жасалатын Операциялар Абонент тарапынан Электронды ақша жүйесінде жасалады. Электронды ақша жүйесінің лайықсыз қызметі үшін жауапкершілік және (немесе) есеп айырысуға қатысушылар арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара әрекеттесуді қамтамсыз ету жөніндегі лайықсыз қызметтері үшін, оның ішінде Электронды ақшаны қолдана отырып операциялар жүргізу кезінде қалыптасқан ақпараттарды жинау, өңдеу және беруде қызметтерді лайықсыз көрсеткені үшін, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарымен байланысты өз міндеттемелерін орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін жауапкершілікті Электронды ақша жүйесі Операторы көтереді.

11.2 Қызметтерді, тауарлар мен жұмыстарды ұсыну міндеттемелерінен, олардың сапасы және жеткізілімі үшін мердігер жауапты. Жабдықтаушы көрсеткен қызметтер, жұмыстар және сатылған тауарлар бойынша туындаған барлық наразылықтар, сондай-ақ тауар және/немесе қызметтер және/немесе жұмыстардың айырбасы-қайтаруы бойынша талаптар Абонент тарапынан тікелей тауар, жұмыс немесе қызметтер сатып алынған сайтта деректермелері көрсетілген Операторының Тұтынушыларды Қолдау қызметіне жүгінуі керек.

11.3 Туындауында Оператордың кінәсі болмаған техникалық платформалардың және көлік желілері немесе байланыс желілерінің жұмысындағы кешігулер мен кідірістер үшін Оператор Абоненттің алдында жауапты емес.

11.4 Абонент өзінің Абоненттік нөмірі арқылы немесе Абоненттік құрылғысында орнатылған арнайы қосымшалар арқылы немесе web-сайттардағы немесе үшінші тұлғалардың қосымшаларында оның сәйкестендіру/түпнұсқаландыру деректері жәрдемімен жасалған оның Абоненттік құрылғысында үшінші тұлғалардың, тұтынушылардың кез келген әрекеттері үшін Абонент барлық тәуекелді және барлық жауапкершілікті көтереді.

11.5 Оператор Жабдықтаушы тарапынан ұсынылған тауар, жұмыс, көрсетілген қызметтер үшін жауапты емес.

11.6 Абоненттік құрылғы немесе Абоненттің SIM-картасы жоғалған, ұрланған жағдайда немесе басқа түрде Абоненттің меншігінен шыққан жағдайда, Оператор Абоненттен Абоненттік нөмірді/SIM-картаны бұғаттау туралы өтінішті алған сәтке дейін Абонент бұл Абоненттік құрылғының және/немесе SIM-картаны қолданумен байланысты барлық тәуекелді өзі көтереді.

11.7 Мүліктік жауапкершілікті қоса алғанда, Абонент Электронды ақша жүйесінде операциялардың лайықсыз қызмет көрсетуі немесе лайықсыз жүзеге асырылғаны үшін, оның ішінде Электронды ақша жүйесіне рұқсат етілмеген қолжетімдік үшін, Электронды әмиянға Электронды ақшаны есептеу бойынша лайықсыз немесе қателі операциялар үшін, Электронды ақшамен операциялар, Абонент тарапынан қате операциялар жүргізілгені үшін, Абоненттің өзінің идентификациялық/аутентификациялық деректерін Абоненттік құрылғыдан және/немесе SIM-картадан жоғалтқаны немесе таратқаны үшін (Абоненттің иесінен шығару), сондай-ақ оған үшінші тұлғалардың қол жеткізгені үшін жабдықтаушының міндеттемелерді орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін Абонент жауапкершілік тартпайды.

12 Абоненттің Электронды әмиянды Толтыру туралы Нұсқауды беруі және Электронды ақшамен Операциялар жүргізу тәртібі.

12.1 Электронды әмиянды толтыру және Электронды операцияларды жүргізу мақсатында Абонент Нұсқау береді, ол бір мезетте Оператор үшін Электронды әмиянды Толтыру туралы тапсырма болып саналады және Абонент өз Нұсқауында белгілеген Электронды ақша жүйесі Операторы үшін Электронды ақшамен операциялар жүргізуі туралы тапсырма болып табылады.

12.2 Абоненттің Нұсқауында келесі деректер болуы тиіс: Абоненттік нөмір, төлем сомасы, төлем жүргізу нысанындағы алаңдарға сәйкес талап етілген деректемелер (дербес шот нөмірі, жабдықтаушының талабына байланысты басқа да деректемелер). Төлем [www.money.beeline.kz](http://www.money.beeline.kz) web-сайты арқылы жасалған жағдайда, Абонент сондай-ақ оған sms-хабарлама арқылы жолданған валидация кодын да көрсетеді.

12.3 Абоненттің Электрондық әмиянды Толтыру туралы Операторға және Электронды ақшамен операциялар жүргізу туралы Электронды ақша Операторына жасаған Нұсқаулары Абонент тарапынан келесі әдістердің біреуі арқылы электронды түрде жасалады:

- Абоненттің «Beeline Мобильді қаржы сервисі» Жеке кабинетінде, [www.beeline.kz](http://www.beeline.kz) Web-сайтында немесе мобильді қосымшада немесе Нұсқау рәсімдеу үшін Оператор тарапынан белгіленген басқа көздерде жарияланған нұсқауларды қолдана отырып;
- Абоненттің Абоненттік құрылғысында орнатылған Оператордың арнаулы бағдарламалық жасақтамасында жарияланған нұсқаулықты қолдана отырып;

➤ 2020, 2010, 902045, 2505, 7757, 9909 нөмірлеріне немесе жарнамалық материалдарда және Оператордың немесе Электронды ақша жүйесі Операторының коммуникацияларында көрсетілген басқа нөмірге SMS жолдау арқылы;

➤ Карта Beeline колдану тәсілімен;

➤ Оператор анықтаған өзге жолдармен.

Нұсқау беру әдістері Оператор тарапынан біржақты тәртіпте өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

### **13 Өзге шарттар.**

13.1 Электронды ақшаны сатып алу кезінде, Абонентке SMS-хабарлама арқылы Төлемнің Дербес төлем нөмірі жолданады, бұл арқылы Абоненттің Электронды ақшаны сатып алған фактісін растайтын электронды құжат алу мүмкіндігіне ие болады. Абоненттің Электронды ақшаны сатып алғанын және Электронды ақшамен операциялар жүргізгенін растайтын құжат Оператордың [money.beeline.kz](http://money.beeline.kz) сайтында беріледі.

13.2 Электронды ақша қолданылатын операциялар бойынша үзінді көшірмелер немесе анықтамалар алу үшін, сондай-ақ қолданушы қосымшасы арқылы құпия сөзді қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда құпия сөзді жою мәселесі бойынша, қате есептеуге байланысты және/немесе қаражатты есептен шығаруға байланысты пікірталасты мәселелер бойынша, сондай-ақ Электронды ақшаны шығару, сату және өтеу бойынша сұрақтар жөнінде үзінді көшірмелер және анықтамалар алу үшін ұялы телефоннан 0611 тегін нөміріне, қалалық телефоннан +7 (727)3500500 нөміріне, [helpdesk@beeline.kz](mailto:helpdesk@beeline.kz) электронды поштасы бойынша Электронды ақша жүйесі Операторына жүгіну қажет.

13.3 Қызмет көрсету шарттары (Банктің, аударма операцияларын жүргізетін Ұйымдардың комиссия мөлшерін және Электронды ақша жүйесі Операторының сыйақыларын қоса алғанда), Электронды төлем құралдарын қолдану шарттары, Эмитент, Электронды ақша жүйесі Операторы және аударма операциялары жүргізетін Оператор туралы ақпараттар Электрондық ақша жүйесі Операторларының сайттарында жарияланады. Оператордың Ақпараттық жүйесін қолдануды бастамас бұрын және Beeline Мобильді қаржы сервисін алуды бастамас бұрын Абонент бұл ақпаратпен танысуға міндетті.

13.4 Егер Абоненттің Электронды әмияны 3 (үш) күнтізбелік ай ішінде белсеңді болмай қалса, Электронды ақша жүйесі Операторы Электронды әмиянды бұғаттау құқығын сақтайды, бұл ретте, егер Оператордың Абоненті Электронды әмиянды бұғаттау режимінен шығарғысы келсе, осы келісімшарттың талаптарына сай қайтадан тіркеу үдерісінен өтуі керек.

13.5 Beeline Мобильді қаржы сервисі басқа Жабдықтаушыларды және Эмитенттерді серіктес ретінде тарту арқылы немесе басқа өзгерістер енгізу арқылы кеңейтілуі немесе өзгертілуі мүмкін.

Бұл туралы ақпарат <http://www.beeline.kz> сайтындағы немесе [www.wooppay.com](http://www.wooppay.com) немесе [www.kemrau.kz](http://www.kemrau.kz) Электронды ақша жүйесі Операторының сайтындағы тиісті бөлімде жарияланады.

13.6 Абонент Операторға жазбаша өтініш ұсыну арқылы Beeline Мобильді қаржы сервисінен біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

13.7 Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент осы Ережелердің барлық шарттарына өзінің келісімін білдіреді, сондай-ақ мекенжайын тіркеу кезінде Абонент көрсететін Beeline Мобильді қаржы сервисі туралы электрондық поштаға хабарлама және Оператордан SMS-хабарлама алуға келіседі.

13.8 Beeline Мобильді қаржы сервисі мәселелрі бойынша Абоненттерге кеңес беру ұялы телефоннан 0611 тегін нөміріне, қалалық телефоннан +7 (727)3500500 нөміріне колл-орталыққа қоңырау соғу арқылы немесе helpdesk@beeline.kz e-mail адресіне хабарлама жіберу арқылы жүргізіледі

13.9 Бұл ережелер және оның барлық қосымшалары жалпыға ортақ оферта болып табылады және Оператордың Сайтында жарияланады.

13.10 Осы ережелер Жария шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Ережелермен реттелмеген Тараптардың барлық құқықтық қатынастары Жария шарттың ережелерімен реттеледі.

#### **14 Жарамдылық мерзімі**

14.1 Осы Ережелер Жария шарттың барлық жарамдылық мерзімі бойында қолданыста болады.

14.2 Осы Ережелердің әрекеті, олардың әрекеті Оператор тарапынан тоқтатылған (жойылған) жағдайда немесе Жария шарттың жарамдылық мерзімі аяқталған жағдайда аяқталады

## ӘДІЛ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

1. Оператор барлық Абонентті ең жақсы сападағы Қызметтермен қамтамасыз етуге және олардың ақпаратты еркін алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тырысады, соған орай, байланыс қызметтерін әділ пайдалану бөліміне келесі ережелерді қолданады, ал Абонент олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

2. Жеке тұлғалардың арасындағы «тірі» диалогқа арналған, Тариф жоспарлары мен Қызметтердегі Дауыстық байланыс қызметтері, егер Оператор мен Абоненттің арасында жазбаша түрде басқа жағдай қарастырылмаса, тек жеке мақсатта қолдану үшін ұсынылады. Бұл орайда Абоненттер мен қолданушылар автоматты қызмет көрсету жүйелерін адал қолдануға қажет уақыт ішінде, жеке тұлғалар арасында «тірі сөйлесуді» білдірмейтін автоматты қызмет көрсету жүйелерін пайдалана алады.

3. Тариф жоспарлары мен Қызметтерде, соның ішінде шексіз дауыстық қызметі ұсынатын Тариф жоспарлары мен Қызметтерде дауыстық байланыс қызметтерін үздіксіз және (немесе) тым жиі қолдану, сондай-ақ конференция, қоңырауды күткізу және (немесе) қоңырауларды бағыттау қызметтерін тым көп қолдану арқылы байланыс қызметтерін асыра пайдалану, Оператордың ұялы байланыс желісінің жұмысына және (немесе) Серіктестердің желісі және (немесе) жабдықтарының жұмысына кері әсер етуі, сондай-ақ басқа Абоненттердің Қызметтерді тиісті сапада алу мүмкіндігін шектеуі мүмкін, соған орай, ондай әрекеттер осы Шартты бұзады. Шексіз дауыстық қызметтерге, шексіз дауыстық байланысты қамтитын Қызметтер мен Тариф жоспарларынан бөлек, Оператордың желісінде және (немесе) басқа байланыс операторының желісінде қосымша төлемсіз, бір күн ішінде 200 минуттан аса пайдалануға мүмкіндік беретін кіріктірілген трафигі бар Қызметтер топтамасын ұсынатын Тариф жоспарлары мен Қызметтер теңестіріледі (ары қарай – «**Шексіз дауыстық қызметтер**»).

4. Шексіз дауыстық қызметтерді қолданудың бұзылуы дегеніміз, соның ішінде:

а) мұндай қызметтерді Абоненттердің және Оператор қолданушыларының дауыстық қызметтерді орташа статистикалық тәуліктік тұтынуынан тым көп тәуліктік көлемде тұтыну;

б) ұзақтығы қалыптан тыс дауыстық қоңырау шалу, соның ішінде әртүрлі абоненттік нөмірге көптеген қысқа қоңырау шалу немесе ұзақтығы қалыптан тыс бірнеше қосылыс, дауыстық қосылыстардың жалпы ұзақтығы – ең жоғары ұзақ мөлшерге жуық болса;

в) екі немесе одан көп жеке тұлғаның ауызба-ауыз сөйлесуін білдірмейтін, таратудың, мониторингтің, сан алуан түрін жіберу үшін, жазылған материалдарды немесе басқа дауыстық қосылыстарды жіберу үшін байланыстың дауыстық қызметтерін қолдану, автоматты қызмет көрсету жүйелерін адал қолдануға қажет уақыт ішінде автоматты қызмет көрсету жүйелерімен өзара байланысуды қоспағанда.

5. Конференция, қоңырауды күткізу және (немесе) қоңырауларды бағыттау қызметтерін қолдана отырып, дауыстық байланыс қызметтерін асыра пайдалану дегеніміз, соның ішінде:

а) абоненттерді күткізу Қызметін осындай қызметтерде қажет уақыттан асыра және қандай жағдай болса да, 10 минуттан артық жиі пайдалану;



б) көрсетілген Қызметтерді табыс табу немесе Абоненттерді, байланыс қызметтерінің басқа қолданушыларын адастыру, сондай-ақ шектеулерді айналып өту немесе автоматты жүйелерді алдау мақсаттарында пайдалану;

в) Оператормен алдын ала жазбаша келіспей, көрсетілген Қызметтерді тұрақты әрі ұзақ пайдалану.

б. Егер Оператор мен Абоненттің арасында басқа жағдай жазбаша түрде қарастырылмаса, Мәліметтерді жолдау қызметтері барлық Тариф жоспары мен Қызмет аясында жеке қолдану үшін беріледі. Бұл орайда, Тариф жоспарлары мен Қызметтер шеңберінде, мәліметтерді жолдау жылдамдығын ақырындатуды қарастыратын және (немесе) қолданудың белгілі-бір түрлерін (мысалы, P2P (торрент) желілер мен қосымшаларда файлдарды жүктеу/тарату, VoIP/SIP-қызметтерді қолдану, видео көру және т.с.с.) тұрақты негізде немесе уақытша негізде, мысалы, белгілі-бір шектеуден өткен соң, шектеуді қарастыратын, мәліметтерді жолдаудың шексіз қызметтері ұсынылуы мүмкін. Мұндай шектеу шаралары Оператордың желісіне жүктеме жоғары және/немесе ұзақ түскен кезде, барлық Абонент пен қолданушыны тиісті сападағы қызметпен қамтамасыз ету мақсаттарында әділ пайдалану саясаты шеңберінде қажет.

Жылдамдық келесі жағдайларда ақырындауы мүмкін:

а) жүктеме тым жоғары сағатта желіде жүктеме аса көп болса барлық Абонент пен қолданушы үшін

б) орташа статистикалық көрсеткіштен айтарлықтай асып кететін трафик көлемін тұтынған жағдайда жекелеген Абоненттер мен қолданушылар үшін.

Жылдамдықты азайту Оператордың желісіндегі жүктемені тең бөлуге мүмкіндік береді, себебі әр базалық станцияның өткізу қабілеті орнықты. Бұл орайда, Оператор әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді қолдануға, пошта тексеруге ыңғайлы және видеоны лайықты сапада көруге қажет жылдамдықты сақтауға тырысады.

Абоненттер мен қолданушылардың мәліметтерді жолдау қызметін асыра пайдалануы, Қызметтерді адал алу мақсатынсыз трафикті тұтынуы, сондай-ақ Шарттың 4.3-бабына сай тыйым салынған әрекеттерді Абоненттің жасауы, осы әділ пайдалану саясатын бұзу ретінде қарастырылады.